

2025–2026 оқу жылына арналған ата-аналармен жұмыстың жылдық жоспары

Мақсаты: Отбасылық тәрбие мен бөбекжайдағы білім беру үрдісінің сабақтастығын арттыру, баланың шығармашылық, интеллектуалдық және әлеуметтік дағдыларын бірлесе дамыту, ата-аналармен ашық әрі тиімді диалог алаңын қалыптастыру.

№	Іс-шаралар атауы	Өткізу мерзімі	Жауапты
1	Ата-аналармен алғашқы кездесу: «Заманауи бөбекжай: даму бағыттары мен серіктестік»	Қыркүйек	Меңгеруші, әдіскер
2	«Отбасылық құндылықтар картасы» – ата-аналардың әлеуметтік-педагогикалық сұраныстарын анықтау	Қыркүйек	Педагог-психолог
3	Жаңа оқу жылына арналған Ата-аналар кеңесінің алғашқы отырысы	Қазан	Тәрбиешілер, ата-аналар
4	«Ашық есік апталығы»: ата-аналардың топтық іс-әрекеттерді тікелей бақылауы	Қараша	Әдіскер, тәрбиешілер
5	Педагогикалық лекторий: «Баланың ерік-жігер сапаларын және дербестігін қалай дамытамыз?»	Желтоқсан	Тәрбиешілер, психолог
6	«Бірлік бар жерде, береке бар» атты отбасылық дөңгелек үстел және тренинг	Қаңтар	Педагог-психолог, әдіскер
7	«Әжемнің ертегісі — өмірдің өнегесі» атты бірлескен шығармашылық жобалар мен қолөнер көрмесінің қорытындысы (Адал азамат бағдарламасы бойынша)	Ақпан	Меңгеруші, тәрбиешілер,
8	«Анам, әкем және мен» – денсаулық пен салауаттылыққа арналған спорттық эстафета	Наурыз	Тәрбиешілер
9	«Бүлдіршіндер әлемі» – балалардың шығармашылық және интеллектуалдық жетістіктерінің фестивалі	Сәуір	Музыкалық жетекші, тәрбиешілер
10	Қорытынды есеп беру жиналысы: «Жылдық нәтижелер және болашаққа бірлескен қадамдар»	Мамыр	Әкімшілік, тәрбиешілер

Ата-аналармен өткізілген жиналыстың хаттамасы №1

Өткізілген күні: 14 қыркүйек 2025 жыл

Қатысқандар: 52 ата-ана, бөбекжай меңгерушісі, әдіскер және топ тәрбиешілері

Тақырыбы: Ата-аналармен алғашқы кездесу: «Заманауи бөбекжай: даму бағыттары мен серіктестік»

Күн тәртібі:

1. 2025-2026 оқу жылына арналған бөбекжайдың басым бағыттары мен даму жоспары.
2. Бөбекжай мен отбасы арасындағы өзара ынтымақтастық туралы ережелер.
3. Балалардың қауіпсіздігін және денсаулығын сақтау бойынша кешенді шаралар.

Тыңдалды:

Бөбекжай меңгерушісі жаңа оқу жылында балалардың еркін дамуына, зерттеушілік дағдыларына бағытталған жаңа бағдарламалардың енгізілуі туралы баяндама жасады.

Әдіскер ата-аналармен тұрақты кері байланыс орнатудың жаңа форматтарын (цифрлық хабарламалар, ашық кеңістік) таныстырып, өзара сыйластық пен қолдаудың маңызын атап өтті.


Тәрбиешілер балалардың күн тәртібін сақтау, бөбекжай аумағындағы қауіпсіздік талаптары туралы ескертулер жасады.

Қаулы етілді:

1. Бөбекжайдың 2025-2026 оқу жылына арналған даму бағыттары бірізді қолдау тапсын.
2. Бөбекжай мен отбасы арасындағы ынтымақтастықты нығайту бойынша ұсыныстар назарға алынсын.
3. Бала қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау талаптары екі тараптан да қатаң бақылауда болсын.

Жиналыс төрағасы: А.Е.Хасанова

Хатшы: Г.М.Адилханова



Ата-аналармен өткізілген іс-шараның хаттамасы №2

Өткізілген күні: 23 қыркүйек 2025 жыл

Қатысқандар: Педагог-психолог, топ тәрбиешілері мен ата-аналар

Тақырыбы: «Отбасылық құндылықтар картасы» – ата-аналардың әлеуметтік-педагогикалық сұраныстарын анықтау қорытындысы

Күн тәртібі:

1. Жүргізілген әлеуметтік-педагогикалық диагностиканың нәтижелерін талдау.
2. Ата-аналардың сұраныстары бойынша психологиялық-педагогикалық жұмыс бағыттарын бекіту.


Тыңдалды:

Педагог-психолог «Отбасылық құндылықтар картасы» сауалнамасының нәтижесін жариялады. Ата-аналардың көпшілігі баланың цифрлық құрылғыларға (телефон, планшет) тәуелділігін азайту және үйдегі тәрбиелік ойындар бойынша көмек қажет ететінін айтқан. Психолог осы мәселелер бойынша алдағы уақытта арнайы кеңестер ұйымдастырылатынын жеткізді.

Қаулы етілді:

1. Диагностика қорытындысы бойынша анықталған мәліметтер тәрбие үрдісінде негізге алынсын.
2. Балалардың гаджеттерге тәуелділігінің алдын алу бойынша ата-аналарға арналған жадынамалар әзірленсін.

Педагог-психолог: Т.М.Кузнецова
Хатшы: Г.М.Адилханова



Ата-аналармен өткізілген іс-шараның хаттамасы №3

Өткізілген күні: 15 қазан 2025 жыл

Қатысқандар: Топтардан сайланған ата-аналар кеңесінің мүшелері, әкімшілік

Тақырыбы: Жаңа оқу жылына арналған ата-аналар кеңесінің алғашқы отырысы

Күн тәртібі:

1. Бөбекжай деңгейіндегі ата-аналар кеңесінің төрайымы мен мүшелерін сайлау.
2. 2025-2026 оқу жылына арналған бірлескен қоғамдық іс-шаралардың жоспарын талқылау.

Тыңдалды:

Әдіскер сөз сөйлеп, ата-аналар кеңесінің бөбекжай өміріндегі рөлі мен құқықтық негіздерін түсіндірді. Ата-аналардың бірауыздан қолдауымен кеңес төрайымы болып Г.В. Вагапова сайланды. Жаңа төрайым бірлескен қайырымдылық және мәдени шараларды дамыту туралы бастамалар көтерді.

Қаулы етілді:

1. Бөбекжайдың ата-аналар кеңесінің жаңа құрамы мен төрайымы бекітілсін.
2. Кеңес мүшелері бөбекжаймен бірлескен іс-шараларды ұйымдастыруға белсенді атсалыссын.

Кеңес төрайымы: Г.В.Вагапова

Хатшы: Г.М.Адилханова



Ата-аналармен өткізілген іс-шараның хаттамасы №4

Өткізілген күні: 19 қараша 2025 жыл

Қатысқандар: Ата-аналар, әдіскер, тәрбиешілер

Тақырыбы: «Ашық есік апталығы»: ата-аналардың топтық іс-әрекеттерді тікелей бақылауы қорытындысы

Күн тәртібі:

1. Ашық есік апталығы барысында өткізілген ұйымдастырылған іс-әрекеттер мен іс-шаралардың нәтижесін талқылау.
2. Ата-аналардың пікірлері мен ұсыныстарын саралау.

Тыңдалды:

Әдіскер қараша айында ұйымдастырылған «Ашық есік апталығында» ата-аналардың балалардың тамақтану, серуендеу және оқу іс-әрекеттеріне тікелей қатысып, бақылағанын баяндады. Кері байланыс парақтарында ата-аналар тәрбиешілердің кәсіби шеберлігіне жоғары баға беріп, балалардың дербестігіне ризашылық білдірген.

Қаулы етілді:

1. «Ашық есік апталығының» ұйымдастырылу деңгейі «жоғары» деп бағалансын.
2. Ата-аналардың ұсыныстары ескеріліп, топтық дамыту орталықтары одан әрі байытылсын.

Әдіскер: А.Е.Хасанова

Хатшы: Г.М.Адилханова



Ата-аналармен өткізілген іс-шараның хаттамасы №5

Өткізілген күні: 11 желтоқсан 2025 жыл

Қатысқандар: Топ ата-аналары, тәрбиешілер, педагог-психолог

Тақырыбы: Педагогикалық лекторий: «Баланың ерік-жігер сапаларын және дербестігін қалай дамытамыз?»

Күн тәртібі:

1. Мектепке дейінгі жастағы баланың өзіндік дербестігін қалыптастыру жолдары.
2. Үйде балаға шектен тыс қамқорлық (гиперопека) көрсетудің зардаптары туралы психологиялық кеңес.

Тыңдалды:

Тәрбиеші мектеп жасына дейінгі балалардың өздігінен киіну, ойыншықтарын жинау секілді қарапайым дағдыларын дамытуда отбасы қолдауының маңызына тоқталды. Педагог-психолог ата-аналарға баланы дербес шешім қабылдауға баулу және оның ерік-жігерін шыңдайтын интерактивті ойындар үлгісін көрсетті.

Қаулы етілді:

1. Лекторийде айтылған педагогикалық әдістер мен кеңестер отбасында қолданыс тапсын.
2. Баланың дербестігін арттыру мақсатында бөбекжай мен үй ережелерінің біркелкі болуы қамтамасыз етілсін.

Төраға: А.Е.Хасанова

Хатшы: Г.М.Адилханова



Ата-аналармен өткізілген іс-шараның хаттамасы №6

Өткізілген күні: 22 қаңтар 2026 жыл

Қатысқандар: Бөбекжай әкімшілігі, педагог-психолог және ата-аналар

Тақырыбы: «Бірлік бар жерде, береке бар» атты отбасылық дөңгелек үстел және тренинг

Күн тәртібі:

1. Бала тәрбиесіндегі ата-ана мен педагог арасындағы сенімділік қарым-қатынас.
2. Практикалық тренинг: «Конфликтсіз қарым-қатынас құпиялары».

Тыңдалды:


Педагог-психолог қатысушылармен бірге түрлі педагогикалық жағдаяттарды талқылап, дөңгелек үстел барысында өзара түсіністікті арттыруға бағытталған психологиялық жаттығулар жүргізді. Ата-аналар бала тәрбиесіндегі қиындықтарды бірлесе шешудің тиімді жолдарын тапқандарын айтып, тренингке оң баға берді.

Қаулы етілді:

1. Дөңгелек үстел мен тренинг жұмысы өте тиімді деп танылсын.
2. Ата-аналар мен педагогтер арасындағы тығыз байланыс тренингтегі әдістер арқылы нығайтылсын.

Педагог-психолог: Т.М.Кузнецова

Хатшы: Г.М.Адилханова



Ата-аналармен өткізілген іс-шараның хаттамасы №7

Өткізілген күні: 18 ақпан 2026 жыл

Қатысқандар: «Әжелер мектебінің» мүшелері, тәрбиешілер, ата-аналар мен балалар

Тақырыбы: «Әжемнің ертегісі — өмірдің өнегесі» атты бірлескен шығармашылық жобалар мен қолөнер көрмесінің қорытындысы

Күн тәртібі:

1. «Әжелер мектебі» аясында дайындалған отбасылық шығармашылық жобаларды, ертегілер мен суретті кітапшаларды таныстыру.
2. Ұлттық құндылықтарды дәріптеп, балалардың кітапқа, ауыз әдебиетіне деген қызығушылығын арттырған белсенді әжелер мен отбасыларды марапаттау.

Тыңдалды:

Тәрбиеші сөз сөйлеп, көрме аясында «Әжелер мектебінің» мүшелері — асыл әжелеріміздің немерелерімен бірлесіп ұлттық ертегілерді жанғыртқанын, суретті күнделіктер мен қолдан қиылған кітапшалар дайындағанын айтты. Бұл шара балалардың сөздік қорын байытуға, қиялын ұштауға және отбасындағы әже өнегесі арқылы оқу мәдениетін қалыптастыруға зор септігін тигізгенін атап өтті. Белсенділік танытқан әжелер мен отбасылардың туындылары ерекше аталып өтілді.

Қаулы етілді:

1. «Әжелер мектебінің» жұмысына белсенді қатысып, шығармашылық көрмеге үлес қосқан әжелер мен отбасылар бөбекжайдың «Алғыс хаттарымен» марапатталсын.
2. Ұрпақтар сабақтастығы мен отбасылық кітап оқу дәстүрін қолдау мақсатында топтардағы «Кітап бұрыштары» әжелердің кеңесімен ұлттық мазмұндағы әдебиеттермен жанартылсын.

Төраға: А.Е. Хасанова
Хатшы: Г.М. Адилханова

Ата-аналармен өткізілген іс-шараның хаттамасы №8

Өткізілген күні: 13 наурыз 2026 жыл

Қатысқандар: Тәрбиешілер және қатысушы отбасылар

Тақырыбы: «Анам, әкем және мен» – денсаулық пен салауаттылыққа арналған спорттық эстафета

Күн тәртібі:

1. Спорттық сайыстың қорытындысын шығару және салауатты өмір салтын насихаттау.
2. Жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтау.

Тыңдалды:


Педагог мерекелік спорттық сайыстың жоғары деңгейде өткенін, ата-аналардың балаларымен бірге эстафеталық жарыстарда ептілік пен жылдамдық танытқанын атап өтті. Сайыс отбасы мүшелерінің бауырмалдығын арттырып, спортқа деген сүйіспеншілігін оятты.

Қаулы етілді:

1. Сайыс нәтижесі бойынша «Жігер» және «Қайсар» командалары I және II орындармен марапатталсын.
2. Балалардың физикалық дамуын қолдау мақсатында отбасылық спорттық шаралар жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілсін.

Тәрбиеші: А.С. Габдушева

Хатшы: Г.М.Адилханова



Ата-аналармен өткізілген іс-шараның хаттамасы №9

Өткізілген күні: 16 сәуір 2026 жыл

Қатысқандар: Музыкалық жетекші, би жетекшісі педагогтер, ата-аналар

Тақырыбы: «Бүлдіршіндер әлемі» – балалардың шығармашылық және интеллектуалдық жетістіктерінің фестивалі

Күн тәртібі:

1. Балалардың жыл бойы үйренген өнерлері мен шығармашылық жетістіктерін көрсету.
2. Фестиваль аясында ата-аналардың қолдауын бағалау.

Тыңдалды:


Музыкалық жетекші сәуір айында өткен «Бүлдіршіндер әлемі» фестивалінде балалардың би, ән, көркемсөз оқу және логикалық тапсырмаларды орындау дағдылары жоғары деңгейде көрінгенін мәлімдеді. Ата-аналар балаларының сахналық мәдениеті мен дарындылығының ашылуына ықпал еткен педагогтерге алғыс айтты.

Қаулы етілді:

1. Шығармашылық фестиваль сәтті өтті деп есептелсін.
2. Балалардың өнер туындылары мен жетістіктері бөбекжайдың әлеуметтік паракшасында жариялансын.

Музыкалық жетекші: А.С.Еркинова

Хатшы: Г.М.Адилханова



Ата-аналармен өткізілген іс-шараның хаттамасы №10

Өткізілген күні: 21 мамыр 2026 жыл

Қатысқандар: Бөбекжай әкімшілігі, педагогтер және 52 ата-ана

Тақырыбы: Қорытынды есеп беру жиналысы: «Жылдық нәтижелер және болашаққа бірлескен қадамдар»

Күн тәртібі:

1. 2025-2026 оқу жылында ата-аналармен атқарылған жұмыстардың қорытынды есебі.
2. Балалардың психологиялық-педагогикалық даму мониторингінің нәтижелері.
3. Жазғы сауықтыру кезеңінде балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқаулығы.

Тыңдалды:

1. Бөбекжай меңгерушісі жыл бойы ата-аналармен бірлесіп атқарылған барлық іс-шараларға шолу жасап, белсенді отбасыларға алғыс хаттар тапсырды.
2. Әдіскер балалардың білім сапасы мен даму көрсеткіштерінің жыл соңындағы мониторингін таныстырды.
3. Медбике жазғы уақытта балалардың қауіпсіздігі, дұрыс тамақтануы, күн өту мен судан сақтану шаралары бойынша ата-аналарға егжей-тегжейлі нұсқаулық берді.

Қаулы етілді:

1. 2025-2026 оқу жылының ата-аналармен жұмыс жоспары толығымен орындалды деп танылсын.
2. Жазғы демалыс кезеңінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша нұсқаулықтар ата-аналар тарапынан қатаң сақталсын.
3. Жаңа оқу жылына арналған серіктестік бағыттары мақұлданын.

Жиналыс төрағасы: А.Е.Хасанова

Хатшы: Г.М.Адилханова

